

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігін тарату мен Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігін құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 14 қазан N 2519

Баспасөз бостандығын нығайту, газеттер мен журналдарға, кітап шығару ісіне мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Конституциясы 44-бабының 3,21-тармақтарына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі құрылсын, ол:

1) Қазақстан Республикасының Президенті алдында есепті және Үкімет құрамына кірмейтін мемлекеттік орган болып табылады;

2) Қазақстан Республикасында біртұтас ақпарат кеңістігін қалыптастыруды қамтамасыз етеді, бұқаралық ақпарат құралдары, полиграфия, телерадио хабарларын тарату мен кітап шығару саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының таратылатын Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің мүлігі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктерді иеленеді.

3. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттіктің төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады деп белгіленсін.

4. Осы Жарлықтың 1-тармағының 2)-тармақшасында белгіленген міндеттерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігіне:

1) әлеуметтік мәнді әдебиет шығару жөнінде мемлекеттік мұқтаждар үшін бірыңғай тапсырыс беруші мен тапсырыстарды орындаушы функцияларын жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің қарауындағы мәселелер бойынша инвестициялық саясатты әзірлеу мен жүзеге асыру;

3) ақпараттық инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыру;

4) баспасөз және бұқаралық ақпарат саласындағы заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау;

5) баспасөзде және басқа бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік құпияны сақтауға қатысу өкілеттіктері берілсін.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі үшін 1995 жылға көзделген бюджет қаржысын Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігіне беретін болсын;

2) Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігіне мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің және Қазақстан Республикасының Баспасөз және Бұқаралық ақпарат министрлігінің республикалық кітап, газет-журнал баспаларын, полиграфия және өзге мемлекеттік кәсіпорындарын басқару субъектісінің функцияларын беру туралы шешім қабылдасын;

3) Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігіне барлық мемлекеттік газеттер мен журналдардың құрылтайшысы құқығын берсін.

6. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің төрағасы осы Жарлық күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі туралы Ережені ұсынсын.

7. Орталық атқарушы органдар, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің құрылуына және оның қызметіне байланысты мәселелерді шешуге жәрдемдесетін болсын.

8. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті